

**Қаралды:**  
**ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің**  
**«Күләш Байсейітова атындағы**  
**дарынды балаларға арналған**  
**РММОМИ» РММ**  
**Педагогикалық кеңесінің**  
**2021 ж. «8» қаңтардағы №4 хаттамасы**

**Бекітемін:**  
**ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің**  
**«Күләш Байсейітова» атындағы**  
**дарынды балаларға арналған**  
**РММОМИ» РММ директоры**  
**Абдрашев Б.Т.**  
**«8» қаңтар 2021**



## **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңесінің мақсатын, міндеттерін және қызметіне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес әзірленді.

3. Қоғамдық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар сыртқы нормативтік құжаттаманы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, «Мәдениет және спорт министрлігі – Адалдық алаңы» Жобасының Жарғысын, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімдерін, мектептің басқа да нормативтік-құқықтық актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қоғамдық кеңес сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеп іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құру мәселелері бойынша мектеп Әкімшілігіне жәрдем беретін кеңесші орган болып табылады.

5. Қоғамдық кеңес төмендегілер бойынша іс-шаралар кешенін жүйелі жүзеге асырады:

- сыбайлас жемқорлықты туындататын себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- мектепке сыбайлас жемқорлықтың енуінен қорғайтын оңтайлы механизмдерді әзірлеу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету;
- мониторинг және сыбайлас жемқорлық проблемалары бойынша қызметкерлерді хабардар етудің бірыңғай мектептік жүйесі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат және тәрбие;

6. Өз қызметін жүзеге асыру барысында Қоғамдық кеңес Мектептің барлық бөлімдерімен, ата-аналар комитетімен, мектеп оқушыларымен және олардың



занды өкілдерімен, қоғамдық ұйымдармен және мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

7. Осы ереже Мектеп директорының бұйрығымен бекітілген күнінен бастап күшіне енеді.

## **2. Қызмет түрінің сипаттамасы**

### **Мақсаттар мен міндеттер**

1. Қоғамдық кеңес қызметінің мақсаттары:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға (профилактикасы), сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған шараларды іске асыру бойынша Мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы субъектілерінің іс-әрекеттерін ұйымдастыру және үйлестіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемалар бойынша персоналды кеңестермен және ұсынымдармен қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлық проблемалары бойынша мониторинг және қоғамдық пікірді хабарлаудың бірыңғай жүйесін құру;
- сыбайлас жемқорлыққа төзбеу көз-қарасын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат және тәрбие;

2. Қоғамдық кеңестің негізгі міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басым бағыттарын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- сыбайлас жемқорлық себептерін және оларға ықпал ететін жағдайларды жою, сыбайлас жемқорлық фактілерін және оның белгілерін анықтап жолын кесу бойынша мектеп қызметін үйлестіру;
- мектепте сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою іс-шараларын іске асыруға бағытталған ұсыныстарды енгізу;
- мектеп қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және профилактикасы бойынша практикада пайдалану үшін ұсынымдар әзірлеу;
- қызметкерлердің, сондай-ақ білім алушылардың және оқу-тәрбиелеу процессіне басқа да қатысушылардың қызметтік мінез-құлқының жалпы принциптерін практикада қолдануға байланысты мәселелер бойынша мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілеріне консультациялық көмек көрсету;
- Мектепте таза моральдық ахуалды, адалдық, айқындылық, ашықтық пен келісімге негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру бойынша көмек көрсету;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға (профилактикасы) және сыбайлас жемқорлық субъектілерін анықтауға бағытталған шараларды іске асыру бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл.



## **Құқықтар**

Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғамдық кеңестің төмендегідей құқықтары бар:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жүзеге асыру түрлері мен әдістерін әзірлеуге қатысу және олардың іске асуын бақылау;
- мектептің педагогикалық кеңесінің қарауына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру бойынша мектеп бөлімдерінің қызметін үйлестіру;
- Мектептің оқу бөлімдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бөлігінде нормативтік құжаттардың орындауын бақылау;
- мектеп әкімшілігі шығаратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша нормативтік сипаттағы құжаттарды талдау және сараптау жұмысына жәрдемдесу.

### **3. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру тәртібі мен оның қызметі**

1. Қоғамдық кеңес Мектеп директорының бұйрығы негізінде құрылады.
2. Қоғамдық кеңес төрағадан, төрағаның орынбасарынан, хатшыдан және Қоғамдық кеңес мүшелерінен (педагогтер ұжымының, ата-аналар комитетінің өкілдері) тұрады.
3. Қоғамдық кеңес төрағасы жылына бір рет Мектеп ұжымы алдында Қоғамдық кеңес қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.
4. Қоғамдық кеңес мүшелері қатарынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.
5. Қоғамдық кеңестің жұмысы Қоғамдық кеңестің отырысында қабылданған және Мектеп директоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
6. Қоғамдық кеңестің отырысы айына бір реттен жиі өткізілмейді.
7. Отырыстарды өткізу күні мен уақытын, оның ішінде – кезектен тыс отырыстарды, Қоғамдық кеңестің төрағасы белгілейді.
8. Қоғамдық кеңестің отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен шешім қабылданып, хаттамамен ресімделеді. Отырыс хаттамаларына және Қоғамдық кеңестің шешімдеріне Қоғамдық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
9. Отырыста мүшелердің кемінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда Қоғамдық кеңестің шешімдері заңды болып танылады.
10. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Кеңес мүшесі жазбаша түрде өзінің ерекше пікірін білдіруі мүмкін, ол хаттамаға қосылып тігіледі.
11. Қоғамдық кеңес мүшесі өз еркімен азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтерді және басқа да құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемені өзіне алады.



12. Қоғамдық кеңес өзінің міндеттерін шешу үшін, Қоғамдық кеңестің бекітіліген шешімдерінің бағыттары бойынша жұмыс жүргізу мақсатында өз құрамында жұмыс топтарын құруға құқылы (мысалы: сыбайлас жемқорлық мониторингі және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл тобы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу тобы, оқу процессіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды енгізуді ұйымдастыру тобы).

13. Қаралатын мәселелерге байланысты Қоғамдық кеңес отырыстарына қатысуға басқа да адамдар тартылуы мүмкін.

14. Қоғамдық кеңестің шешімдері отырысқа қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және Қоғамдық кеңестің төрағасы бекіткеннен кейін күшіне енеді. Қажет болған жағдайларда Қоғамдық кеңестің шешімдері мектеп директорының бұйрығы ретінде ресімделуі мүмкін.

15. Қоғамдық кеңес отырысының қорытындылары бойынша хаттама әзірленеді, қажет болса оған Кеңес отырысында қаралған құжаттар қоса тігіледі. Хаттамаға төраға, оның орынбасары және хатшы қол қояды.

16. Қоғамдық кеңестің шешімдері бес күндік мерзімде сыбайлас жемқорлыққа алғышарттарды жою бойынша ұсыныстар берілген Мектептің құрылымдық бөлімдерінің басшыларына жіберіледі.


17. Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды төраға немесе Кеңес құрамынан ол тағайындаған тұлғалар жүргізеді.

18. Қоғамдық кеңес комиссиясының шешімдері отырысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік ашық дауысымен қыбалданып, ұсыным сипатында болады және Қоғамдық кеңес төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Егер басқасы қолданыстағы заңнамада көзделмесе, қажет болған жағдайда олар директордың тиісті бұйрықтары мен өкімдерін қабылдау жолымен іске асырылады. Қоғамдық кеңес комиссиясының мүшелері шешім қабылдау кезінде тең құқықтарға ие болады.



#### 4. Нормативтік база

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы.

| Әзірлеуші: |                           |                                                  |                                                                                       |
|------------|---------------------------|--------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| №          | Қызметкердің аты-жөні     | лауазымы                                         | қолы                                                                                  |
| 1.         | Юсупова Светлана Омаровна | Директордың музыкалық жұмыс жөніндегі орынбасары |  |
|            |                           |                                                  |                                                                                       |



| Келісілген: |                                |                                                                                          |                                                                                     |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| №           | Қызметкердің аты-жөні          | лауазымы                                                                                 | қолы                                                                                |
| 1.          | Кошкарбаева Алия Рахымжановна  | «Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы |  |
| 2.          | Мусрепова Меруерт Сейсеновна   | Менеджмент сапасы бойынша басшылық өкілі                                                 |  |
| 3.          | Болсамбеков Нияз Абдыкадырович | Мектеп-интернаттың заңгері                                                               |  |